

Г. Т. Жақыпова, тілдік дайындық кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

СЕМАНТИКАЛЫҚ КОМПОНЕНТТЕР МЕН ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Сөйлемнің семантикалық құрылымы семантикалық предикат, семантикалық субъект, семантикалық конкретизатор, семантикалық атрибут деген компоненттерден тұрады. Мақалада семантикалық предикат және оның түрлері айтылады.

Көптеген лингвистердің атап көрсеткеніндей, сөйлемнің семантикалық құрылымының ең негізгі, жетекші компоненті — предикат. Предикаттың таңбалық басты ерекшелігі — басқа предикаттық емес таңбалармен тікелей байланыса алатын қасиеті. Предикат: 1) предикаттық емес таңбаларға түрлі сипаттар дарытады, 2) олардың арасына түрлі қатынастар орнатады, 3) предикаттық сөйлемде ұйымдастырушылық қызмет атқарады, 4) предикаттық сөйлемнің құрылымынайқындайды, 5) сондықтан да предикаттық сөйлемнің нағыз орталығы болады¹. Зерттеушілер предикаттықты басқа сөйлем мүшелерін өзара әсеріне байланысты оны: 1) нөлдік (авалентті), 2) бір орынды (моновалентті), 3) көп орынды (поливалентті) деп жіктейді. Предикаттықтың сөйлем құрылымын анықтайтындығы жалпы және етістік негізінде белсенді түрде зерттеліп келеді².

Түрлі тілдер материалын тұжырымдай келіп, ғалымдар предикат түрлеріне төмендегідей анықтамалар береді. Мәселен, нөлдік (авалентті) предикат қимыл-қозғалысты, қалып-күй, қасиет-қабілетті поливалентті предикат осылармен қатар қарым-қатынастарды білдіреді.

Дегенмен де нөлдік немесе авалентті предикат түрінің бар екендігін барлық лингвистер мойындай бермейді. Соның бірі С. Д. Кацнельсон: «Тіпті аргументі жоқ нөлдік валентті предикат деген болмайды. Аязды, желді, салдырлау, жарқырау деген нөлдік валентті сөз емес, себебі предикат — салыстырмалы ұғым, предикат болу үшін бір немесе бірнеше

аргумент болу керек... Жарқырау, желді және т. б. дегендер — тілдік предикаттар емес, предикаттарды талдамайды, тек қана оқиғаны атайды»³.

Сөйлемнің семантикалық құрылымның предикатын сипаттауда кейбір лингвистер етістіктің әдеттегідей семантикалық түрлеріне, яғни қимыл етістігі, қасиет етістігі, қалып-күй етістігі, қатынас етістігіне жіктеуді қолданса, енді бір топ лингвистер предикаттық лексемалардың мазмұндық саласына сүйенбестен олардың сипаттық валенттілігіне иек артады⁴. Көптеген лингвистикалық әдебиеттерде предикаттарды, әсіресе етістікті бірнеше түрге классификациялау Ш. Балли⁵, Т. Б. Алисова,⁶ У.Чейф⁷, Ф. Д. Апресян⁸, М. Коспартова⁹, Н. Д. Арутюнова¹⁰ секілді ғалымдардың еңбектерінде ерекше орын алған.

Ш. Балли семантикалық предикаттарды классификациялауда логикалық және дистрибутивті негізге сүйеніп, предикаттардың 3 семантикалық класын: 1) тиесілік предикаты, 2) байланыс предикаты, 3) себеп-салдар (каузациялық) предикат деп ажыратады. Предикаттардың алғашқы тобы моновалентті, олар заттың абсолютті белгісін білдіреді. Екінші топтағы предикаттар бивалентті. Каузациялық предикаттар 3 шағын топқа бөлінеді: 1) тұрмыстың каузациялық предикаты (бивалентті), 2) абсолютті белгілі каузациялық предикат (бивалентті), 3) ара қатыстық каузациялық предикат (үш валентті).

Е. Кржижкова етістіктің: 1) нөлдік интенциялы етістіктер: қараңғыланды; 2) белсенді қимылды (актантты) нұсқайтын етістіктер: Балалар ойнайды; 3) белсенді қимылды қажет ететін қимыл-қозғалыс актант: Әкем хат жазды; 4) белсенді тәуелсіз актантпен қатар екі қозғалыс актанттың болуы: Әжесі немересіне альбом сыйлады; 5) Бағынышты, бірақ белсенді емес актантты нұсқайтын етістіктер: Менің жүрегім айнып тұр (Меня тошнит); 6) екі белсенді емес актантты етістіктер: Оған Андрей жетіспей тұрды¹¹.

Т. Б. Алисова, Ш. Баллидің концепциясына сүйене отырып, Ш. Балли жіктеген предикат кластарына қосымша дифференциалды белгілер: 1) субстанция мен оның белгілері туралы ұғымдардың тұтастығы мен бөлшектігі, 2) абсолюттілік-салыстырмалылық, 3) статикалық-динамикалық, 4) белсенділік-баяулық, 5) контактының жекелігі және жалпылығын қосады және осыларды негізге ала отырып, предикаттарға тоғыз типтен тұратын өз классификациясын ұсынады¹².

Ал У. Чейф етістік мағыналарының 1) қалып-күй, 2) әрекет процесі деген типтерін және предикаттың басты типтеріне; 1) акционалды, 2) процестік қалып-күй, 3) басты қимыл-қозғалыс, 4) қимыл-қозғалыс процестерін жатқызады¹³.

Фр. Данеш етістіктің семантикалық типтерін: 1) статикалық «Ситуациялық», 2) динамикалы процессуалды және тұрмыстық деген 2 топқа бөліп алады. Етістіктің осы әрбір тобы үшін белгілі қатынастар мен субъект «Процессор», «агенс», «қимылды білдіруші» тән.

Семантикалық предикатты жоғарыда сөз еткен және т. б. лингвистердің классификацияларынан белгілі бір сандық, сапалық жүйе жасау мүмкін емес. Өйткені олардың бөліністері түрлі алғышарттар мен кретийлерді негізге алған. Дегенмен де біз семантикалық предикаттарды топтарға, түрлерге бөлу де өзімізге дейінгі еңбектерді және қазақ тілінің материалдарын басшылыққа аламыз.

Барлық түркі тілдеріндегі секілді қазақ тіліндегі баяндауыш қызметін етістіктермен қатар барлық дерлік сөз таптары атқарады. Есімдер мен заттанған сөздер баяндауыш позициясында негізге атауыш және септік жалғаулы формаларда кездесетін болғандықтан, предикаттың мағынасы әр қилы күрделі болып келеді. Предикат белсенді және статикалық белгі болып, затпен немесе қалып-күймен байланысып, сөйлемнің нағыз негізі болады. Мысалы: «Бала ойнайды»; «Бала ұйықтайды»; «Мұнда жақсы».

Енді қазақ тіліндегі түрлі құрылымдағы жай сөйлемдердегі предикаттарды талдай келіп, семантикалық предикаттың 20 шақты түрін ажыратуға болады. Олар: 1) әрекет предикаты (Құрылысшылар үй тұрғызады), 2) қозғалыс предикаты (Олар үйге барды), 3) қабылдау предикаты (Ол сені көрді), 4) сөйлеу предикаты (Ол саған әңгіме айтты), 5) ойлау предикаты (Мен анамды ойладым), 6) қалып-күй предикаты (Ол ауырды), 7) процесс предикаты (Жел тұрды), 8) болу, өмір сүру, тіршілік ету предикаты (Інім ауылда тұрады), 9) бар болу предикаты (Ағамда машина бар), 10) жоқ болу предикаты (Театрда адам жоқ), 11) меншіктік, иелену предикаты (Бұл тон менікі), 12) қарым-қатынас предикаты (Ол суықты сүймейді), 13) саралау (квалификация) предикаты (Сен төрағасың), 14) мекен предикаты (Сәкен жұмыста), 15) айқындау (детерминация) предикаты (Баласы жас), 16) Даралау (идентификация) предикаты (Бұл мен), 17) затты, материалды белгілейтін предикат (Орындық ағаш), 18) тиесілілік предикаты (Сәлемдеме немереме), 19) салыстыру предикаты (бұл мұздай), 20) мақсат предикаты (Тәуелсіздік — мақсатымыз).

Предикаттың бұл семантикалық компоненттерінің варианттары мен инварианттарын бұдан әрі қарай да жалғастыра беруге болады, себебі предикат грамматикалық мағынасы

жағынан баяндауыш сөйлем мүшесі ретінде барлық негізге сөз таптарының барлығынан жасала береді, сондықтан да полисемантикалы болып келеді.

Қазақ тіліндегі жай сөйлемдерді семантикалық тұрғыда талдау барысында субъект, объект, конкретизатор, атрибут, предикат деген 5 түрі бар. Оларды 5 түрлі семантикалық семанттарға жіктеуге болады. Оның нәтижесінде жай сөйлемнің семантикалық құрамы бойынша практикалық пайымдаулар жасалады.

Жайылма жай сөйлем тұрлаулы мүшелердің және тұрлаусыз мүшелердің бірінің немесе бірнешеуінің қатысы арқылы жасалатыны белгілі. Тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер жайылма жай сөйлемдердің құрамында болуы сөйлемнің мазмұндық (сапалық) жүктемесіне байланысты құрылымдық (сандық) құрамы да әртүрлі болады. Осыған байланысты жайылма жай сөйлемдер ең кемінде 3 семантты болып, бұдан да көп 4, 5, 6 семантты жайылма жай сөйлемдер болады. Семант дегеніміз — сөйлем мүшесінің объективті шындыққа қатысы, яғни сөйлемде бастауыш синтаксистік қызметін атқарған сөздің объективті шындықта немесе семантикалық тұрғыда субъекті болатындығы, ал баяндауыштың предикат, анықтауыштың атрибут, толықтауыштың объект, пысықтауыштың конкретизатор екендігі.

2 семантты жайылма жай сөйлемдердің семанттық құрамы 4 түрлі болады. Олар: 1) $K^2 P^2$ (мысалы: Айғайлап-ұйғалап есінді шығарады (Т. Әбдіков «Әке», 14-б.)); 2) ОП (Қымыз бердік (Т. Әбдіков «Әке», 11-б.)) және т. б.

3 семантты жайылма жай сөйлемдердің семанттық құрамы 10 түрлі болады. Олар: 1) АСП (Дабырлаған дауыс естілді (О.Бөкеев «Қайдасың, қасқа құлыным», 118-б.)); 2) $K^2 C P^2$ (Аш бүйіріне сүңгі қадалған екен (Д.Досжанов «Отырар», 208-б.)), 3) $O^2 K P$ (Күн бетін басқандай болды (Д. Досжанов «Отырар», 197-б.)) және т. б.

4 семантты жайылма жай сөйлемдердің семанттық құрамы 18 түрлі болады. Олар: 1) ОАСП (Көзіме ыстық жас тірелді (Т.Әбдіков «Әке», 7-б.)); 2) $OK^2 C^2 P$ (Аспанды қақ жарып құс жолы жатыр (Е. Домбаев «Болмаған оқиға», 139-б.)); 3) $A^2 AOP$ (Бір қалыпты сырылдаған дыбыс шығады (Т. Әбдіков «Әке», 9-б.)) және т. б.

5 семантты жайылма жай сөйлемдердің семанттық құрамы 15 түрлі болады. 1) АОАСП (Әкемнің кейігеніне жұрттың бәрі қуанып қалды (С. Жүнісов «Әке», 13-б.)); 2) $K^2 A O C P^2$ (Шай үстінде әкемнің көңілін сұраушылар келе бастады (С. Жүнісов «Әке», 14-б.)); 3) $OK A C^2 P$ (Әбекеңді кеңсеге ере келген Сәрсен ақсақал ұстады (Д. Домбаев «Болмаған оқиға», 135-б.)); 4) $A^2 O C K P$ (Қала дүкендері мен қоймаларын Әбекең ұзақ аралады (Д. Домбаев «Болмаған оқиға», 134-б.)) және т. б.

6 семантты жайылма жай сөйлемдердің семанттық құрамы 10 түрлі болады. Олар: 1) $SAO^2 AOP^2$ (Әйелі шарадағы қымызды сырлы ағаш ожаумен сапырып отыр (Ә.Әбдіков «Әке», 18-б.)); 2) $K^2 KA^2 A^2 OP$ (Содан кейін күліп жерошақ басындағы сойылып жатқан малдың мәнісін түсіндірді (Т. Әбдіков «Әке», 18-б.)); 3) $O^2 A O C K^2 P$ (Бұдан сұмдық суық хабарды осы күнге дейін естімеген шығармын («Қайдасың қасқа құлыным», 72-б.)) және т. б.

Түйіндей келгенде, жайылма жай сөйлемдер мазмұнға, яғни баяндалатын ой ауқымды болғандықтан, семантикалық құрамының бай екендігін байқауға болады.

- 1 Сусов И. П. Семантическая структура предложения (На материале простого предложения в совр. немецком языке). — Тула, 1973. — С. 39.
- 2 Коспартова М. Семантический анализ наречия. — М., 1972. — С. 151-157.
- 3 Касевич В. Б. Элементы общей лингвистики. 1976. — М., 1977. — С. 39-107.
- 4 Арват Н. Н. Семантическая структура безличных предложений в современном русском литературном языке. — М., 1975. — С. 219.-229.
- 5 Балли Ш. Общая лингвистика и вопросы французского языка. — М., 1955. — С. 121-125.
- 6 Алисова Т. Б. Структура простого предложения в современном итальянском языке. — М., 1971. — С. 37-38.
- 7 Чейф У. Л. Значение и структура языка. — М., 1975. — С. 114-138.
- 8 Апресян Ю. Д. Экспериментальное исследование русского языка. — М., 1967.
- 9 Коспартова М. Семантический анализ наречия. — М., 1972. — С. 151-157.
- 10 Кржижкова Е. Дистинктивные семантические признаки и структура предложения// Грамматическое описание славянских языков. — М., 1974. — С. 98-105.
- 11 Арутюнова Н. Д. Предложение и его смысл (Логико-семантические проблемы). — М., 1975. — С. 9.
- 12 Алисова Т. Б. Структура простого предложения в современном итальянском языке. АДД. 1971. — С. 37-38.
- 13 Чейф У. Л. Указ. раб. — С. 114-138.